



**Акназаров О.У.**

**АДАМ ӨМІР СҮРУІ МЕН  
ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҚОЛАЙЛЫ  
АЙНАЛАДАҒЫ ОРТАНЫ  
ҚОРҒАУҒА ДЕГЕН ҚҰҚЫҚ  
БҰЗУШЫЛЫҚ  
ЖӘНЕ ОДАН ТУЫНДАЙТЫН  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ ПАЙДА  
БОЛУ НЕГІЗДЕРІ**

*В данной статье рассматривается  
правонарушение граждан в  
отношении окружающей среды  
и последствия возникновения  
конституционной ответственности.*

*The violation of protection of  
citizen rights on favourable life  
and health and consequences of  
basis of origin of constitutional  
responsibility are considered  
in this article.*

Қазақстандағы қазіргі таңдағы заңнамалар бірінші кезекте адам өмір сүруінің денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауға деген құқықтарды көрсететін конституциялық ережелерді нақтылай түсіп, оны жүзеге асырудың жолдары мен тәртібін, кепілдік жүйесін және оны қорғау амалдарын көрсетуге тиіс. Қоғамның экологиялық және экономикалық мүдделерін ғылыми негізделген байланыста қарау, қоршаған ортада оның қажеттілігін қанағаттандыру ісшараның маңызды құрамдасы болу керек.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен басқа да нормативтік-құқықтық актілердің жүзеге асырылуы өзекті әрі күрделі болып қалуда. Бұл адамның бекітілген құқықтары мен бостандықтары және оларды ұтымды пайдалануы арасындағы арақатыстың өте үлкен болуымен түсіндіріледі.

Адам өмір сүруінің денсаулығына қолайлы айналадағы ортаға деген құқықтың жүзеге асырылуы үшін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында қарастырылған барлық құқық қорғау және мемлекеттік жүйелердің ықпалдастығы, сондай-ақ азаматтардың өздерінің белсенділігі мен олардың бірлестігі ескерілуі тиіс.

Мемлекетте саяси өкімет ретінде өзінің азаматтармен қарым-қатынасын реттеуге, жеке адамның құқығы мен мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған ерекше өкілеттілік болуы тиіс. Сондықтан мемлекет оны жүзеге асыру шарттарын жасауы тиіс, дәлірек айтқанда, нақты заңдылық құралдары, сондай-ақ берілген құқықтың механизмін жүзеге асыру көрсетілуі керек. Қарсы жағдайда оны практика жүзінде іске асыру күрделене түседі. Бұл аталған жағдайлар әркімнің қоршаған қолайлы ортаға деген конституциялық құқығын жүзеге асыру және кепілдік беру проблемаларын зерттей түсудің өзектілігін дәлелдей түседі.

Осыған байланысты адам өмір сүруінің денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауға деген құқық бұзушылықтан туындайтын конституциялық жауапкершілік – бұл бір өзіндік көп құрылымды көрініс. Ол өте кең көлемде, өзіне жауапкершіліктің түрлері мен формасын жинап алған. Ретроперспективалық жауапкершілік, саяси жауапкершілік, құқықтық жауапкершіліктің «позитивтік» аспектілері конституциялық жауапкершіліктің құраушылары болып табылады. Юридикалық ғылымдағы күрделі мәселелер болып, заңгерлік, саяси жауапкершіліктер, саяси және парламенттік өзара әрекет етуші жауапкершіліктері болып табылады.



Бәрінен бұрын, конституциялық жауапкершіліктің көпмаңыздылық түсінігін бекітіп кету керек. Біріншіден, конституциялық жауапкершілік құқықтық жауапкершіліктің ең негізгі құрамды элементі болып табылады. Конституциялық жауапкершілік конституцияны бұзғандық үшін келуі мүмкін, бірақ оның әр ережелерін бұзғандық конституциялық жауапкершілік болып табылмайды. Қазақстан Республикасының Конституциясы негізгі принципалдық ережелерді бекітіп, жоғары заң күшіне ие және бүкіл Республика аумағына тікелей әсер ететіні белгілі.

Екіншіден, конституциялық жауапкершілік әрқашан құқықтық күштеріне ие емес. Осылай, мысалы: саяси жауапкершілік құқықтық жауапкершілік ретінде қаралмайды, өзі сыртқы белгілері бойынша құқықтық жауапкершілік белгілері болса да. Егер Конституция нақты жауапкершілік шараларына ие болса, онда конституциялық жауапкершілік туындап тұр.

Егер де Конституциялық норма нақты юридикалық шараларды көрсетпесе, ондай нормалар салалық нормаларда нақтылануы тиіс. Олар, қылмыстық, әкімшілік және басқа да заңнамаларда нақтылануы мүмкін. Осылай Конституцияның 39-шы бабының 2-ші бөлімінде жазылған, «Ұлтаралық келісімді бұзатын» әрбір әрекеттер конституциялық болып табылмайды. Мысалы, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде «Конституциялық құрылысқа және мемлекет қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар (5-ші бөлім), жоғарыда айтылған конституциялық ережелерге сай қалыптасқан. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің бұл нормаларының бұзылуы, конституциялық нормалардың бұзылғаны деп санамай, қылмыстық нормалардың бұзылғаны деп санау қажет.

Ғылыми еңбектерде көрсетілгендей конституциялық жауапкершілік 2 мағынада көрсетіледі:

Конституция нормаларын кең мағынада бұзғандық үшін жауапкершілік.

Конституциялық құқықтың басқа да қайнар көздерінде көрсетілген жауапкершілік.

Құқық бұзушылық құрамының элементтері объект, объективтік жағы, субъект, субъективтік жағы болып табылады. Осы элементтердің барлығы болғанда ғана жауапкершілік негізі құқықбұзушылық бола алады.

Конституциялық құқық бойынша құқықбұзушылық объектісі не болып табылады? Конституциялық құқық бойынша құқықбұзушылықтың жалпы объектісі болып қоғамдық қатынастар болып табылады. Конституциялық құқық қоғамдық өмірдің маңызды салаларын реттейді, яғни саяси, экономикалық, әлеуметтік және де мәдени-руханилық қатынастар.

Конституциялық құқық бойынша құқық бұзушылықтың туынды объектісі ретінде құқықбұзушы қол сұғатын біртұма қоғамдық қатынастар болып табылады. Мысалы, мұндай болып қатынастар жүйесі, билік органдары арасындағы өзара қатынастар (Президент және Парламент, Президент және Үкімет, Парламент және Үкімет) [1.5].

Конституциялық құқық бойынша құқық бұзушының тікелей объектісі – Конституцияның заңнамасымен, нормалармен бекітілген, құқықтарды іске асыру процесі кезінде қалыптасатын қатынастар болып табылады.

Конституциялық құқық бойынша объективтік жағы, өзінде қоғамдық қауіп бар әрекеттерден көрінеді. Ол белгілі бір элементтерден тұрады: 1) «құқыққа қарсы әрекеті»; 2) әрекетпен келтірілген залал; 3) әрекет және келген залал арасындағы себепті байланыс.

Конституциялық жауапкершілікті кең аспектіде қарау (әлеуметтік, моральдік, позитивтік) конституциялық құқық және конституциялық жауапкершілік субъектілерін шектемейді.

Конституциялық жауапкершілік және конституциялық құқық субъектілері 2 әр түрлі көрініс. Конституцияның құқықтық қатынастардың субъектілері: халық, қазақстан халқының біртекті әлеуметтік-саяси ұйым ретінде мемлекет, әкімшілік территориялық бірліктер, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, депутаттар, қоғамдық бірлестіктер, азаматтар, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар.

Біріншіден, конституциялық заңдылықты бұзушы әрқашанда жауапкершілік тартпайды.

Екіншіден, конституциялық құқықтың барлық субъектілері конституциялық жауапкершілік субъектілері ретінде шыға бермейді, өйткені мұндай компетенцияға бөлек субъектілер ғана ие.

Үшіншіден, жауапкершілік конституциялық құқық субъектілерінің барлығына тарай бермейді.

Конституциялық жауапкершілік субъектілері конституциялық құқық бойынша әр түрлі жауапкершілікке тартылады: моральдік, позитивтік, юридикалық жауапкершілік. Осылай, мысалы, халық өз билігін референдум немесе сайлау арқылы жүргізсе, халық моральдық, позитивтік жауапкершілікті мойнына алады [2.28].



Конституциялық құқық субъектісі болып табылатын халық алдында мемлекеттік органдар, өкілетті органдар, депутаттар моральдік, позитивтік жауапкершілікті мойнына алады және де конституция нормаларын бұзған үшін олар тек қана моральдық ғана емес, сонымен қатар юридикалық жауапкершілікке тартылуы тиіс.

Бұл жоспарда конституциялық жауапкершілік тарайтын органдар мен адамдар тобы өте тар, басқа жауапкершілік субъектілерімен салыстырғанда. Мәселе, мемлекеттік және регионалдық билік органдары, өкілетті адамдар, депутаттардың жауапкершілігі жөнінде жүріп отыр. Көрсетілген субъектілер мойнына алады: 1) конституциялық жауапкершілік; 2) салалық құқықтық жауапкершілік.

Көп жағдайда конституциялық нормаларды сақтамай, тек қана құқықтық жауапкершілікті көздейді, өйткені Конституция оларға байлансты санкциясын көрсетпейді, тек жалпы формада диспозициясын ғана көрсетеді. Бұл жерде азаматтар мен мемлекет арасындағы келісімдік қатынастардың проблемасы пайда болады. Мұндай қатынастың элементтері Конституция нормаларында бар. Конституция халықпен қабылданған және мемлекеттің ең негізгі заңы болып табылады. Мемлекет біріншіден, құқық пен бостандықтарды іске асыруға, екіншіден олардың бұзылуынан қорғауға кепілдік береді. Осылай, Ресей Федерациясының Конституциялық Сотының 1995 жылғы 25 желтоқсанының қаулысында жазылған «Ресей Федерациясы және азамат өзара құқықтар, жауапкершілік және міндеттермен байланысты» [3.57]. Мемлекеттік қызметкерлерге әкімшілік және қылмыстық мінездегі шаралар қолданылады. Берілген жағдайда мемлекеттік қызметкерлер конституциялық құқықтық қатынастардың субъектілері ретінде емес, керісінше әкімшілік, қылмыстық-құқықтық қатынастар субъектілері ретінде көрінеді.

Конституциялық құқықтың субъективтік жағын анықтау қиынға соғады. Құқық бұзушылық субъектілері болып жеке азаматтар ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер табылады.

Конституциялық жауапкершілік жөнінде сұрақ, сауалдар өз зерттелген болып қалып отыр.

Бізге, бұл тақырыпқа бір ақ қана монографиялық жұмыс белгілі: көбінесе, конституциялық жауапкершілік жақтарын айқындайтын негізінен мақалалар ғана бар.

Жоғарыдағы айтылғандарға қорытынды келтіре келе, бекітуге болады:

Адам өмір сүруінің денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауға деген құқық бұзушылықтың кен таралған себептерінің бірі – лауазымды тұлғалардың экологиялық авантюризмі, олардың қабылдаған шешімдері азаматтардың көптеген конституциялық құқығын бұзып жатады. Бұл шешімдердің мазмұны құқыққа қарсы емес сияқты болып көрінгенмен, олар адам денсаулығына жағымсыз әсер етіп, қоршаған орта жағдайының нашарлауына әкеп соқтырады. Бұл сол шешім қабылдағандарға әу бастан белгілі болатын жайт.

Осыған байланысты, біздің көзқарасымызша, қоршаған қолайлы ортаға деген лауазымды тұлғалардың, тіпті жалпы алғанда қоғамның құқықтық мәдениет деңгейіне де байланысты.

Осыдан басқа үшінші себепті бөліп көрсетуге болады.

Ол – экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған мемлекеттік құрылымдардың іс - әрекеті бекітілген халықаралық талаптар деңгейіне ғана емес, тіпті елдегі әлеуметтік, экологиялық – экономикалық күйреу проблемаларын шешудің нақты мүмкіндіктеріне де сәйкес келмейді.

Осындай жағдайда шетел тәжірибесін оқып – үйрену мен жинақтаудың мән маңызы ерекше.

Соңғы он екі жылдықта Қазақстан экономикалық және экологиялық кеңістік жағынан қатты даму үстінде, оның нәтижесі көзге көрінерліктей.

Экологиялық менеджмент және аудит сызбасы сияқты жаңа әдіс - тәсілдер қолданылуда. Қазіргі таңда Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша халықаралық стандарттарда көрінетін экологиялық басқару жүйесі қалыптасуда және дамуда.

Осы және басқа да түйткілді мәселелерді шешу үшін табиғатты пайдалану және қоршаған табиғи ортаны қорғау жұмыстары бойынша Үкіметтік комиссия құрылған. Бұл атқарушы үкіметі мен атқарушы өкімет органдарының іс - әрекетін үйлеструді қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын.

Экологиялық құқықтардың бұзылуының төртінші себебі - әрекеттегі заңнамалардың тек сөз жүзіндегі қалуы. Бұл жеке адам, қоғам және мемлекет мүдделерінің объективті түрде сәйкеспеуімен байланысты туындап жатады.



Бірнеше ондаған жылдар бойы біздің мемлекетіміз «Мемлекет – қоғам – жеке адам» принципі бойынша өмір сүріп келді. Қазақстан Республикасы Конституциясы 1995 жылы «жеке адам қоғам мемлекет» деген басқа принципті нығайту үшін барлық Қазақстандық азаматтарға біраз уақыт керек. Н.Б.Мухитдинов дұрыс атап өткендей «Әлеуметтік экономикалық даму процесінде қоршаған табиғи ортаны сақтау және сол күйінде ұстап тұру үшін мемлекеттік органдардың қызметін қайта құру мен экологиялық талаптарға сай өмір сүруден басқа мүмкіндіктері жоқ!» алайда бұл стратегиялық міндет іс – тәжірибе жүзінде іске асырылып жатқан жоқ.

М.М. Бринчук экологиялық заңнамалардың дамуын келесі принциптерге қағидаттауға негізделуі мүмкін деп өз пікірін қарастырады.

1. Конституциялық

2. Экологиялық заңнамаларды: «құқықтар – міндеттер – жауапкершілік – жүзеге асыру процесі кепілдік» жүйесі бойынша орналастыру.

3. Экологиялық заңнамаларға құқықтық, экономикалық, ұйымдастыру, идеологиялық механизмдерді жүзеге асыратын құқықтық нормаларды жасау және енгізу;

4. Ғылымшылық;

5. Қабылдау практикасын есепке ала отырып мерзім – мерзіммен жаңартып отыру.

- Қазіргі экологиялық жағдай қабылданатын заңдардың тиімділігіне, сапасына және барлық заңнамалар жүйесіне ерекше талаппен қарауды қажет етеді.

- Табиғатты қорғау жұмыстарында заңнамаларды реттеу қажеттігі экологиялық саясатты жүзеге асыру жұмыстары бойынша іс – шаралар кешенінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Қоршаған орта туралы заңнамаларды қалыптастыру барысында аталған саладағы жаңашыл идеяларды ескеріп отырған жөн. Олардың ішіндегі негізгілері экологиялық қауіпсіздікпен тұрақты даму болып табылады. Тұрақты даму проблемалары сондай – ақ әлемдік деңгейдегі талдау көзі болып табылады. Мәселен, 1997 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының арнайы сессиясы бойынша тұрақты даму жұмыстарындағы іс – шаралардың жүзеге асырылу қажеттігін қолдайтындығын білдірді. БҰҰ Ассамблеясының Бас хатшысының есебінде қоршаған ортамен оның дамуы бойынша үкімет тұрақты даму жұмыстары бойынша ұлттық комиссияларды құру жұмыстарын күшейтуді жалғастыру керектігі айтылады және БҰҰ жүйесіндегі ұйымдар тұрақты даму стратегиясында тұрақты дамуды қолдап отырулары тиіс.

Қазіргі таңда қоршаған орта жөніндегі заңнамаларды қалыптастыруды тұрақты дамыту мынадай бағыттарда жүзеге асырылуы қажеттігі артып отыр. Табиғатты пайдалануды тиімді түрде қамтамасыз ету;

экологиялық талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін механизмдерді құру;

Біздің көзқарасымызша, экологиялық саясат келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуға тиіс;

- азаматтардың конституциялық экологиялық құқықтарын жүзеге асыру, сақтау және қорғау;

- қоршаған ортаны қорғау жұмыстары бойынша табиғатты пайдалану және қаржылай қамтамасыз етудің экологиялық механизмдерін жетілдіру;

- табиғи ресурстарды өндіру және қоршаған ортаны қорғау механизмдерін жетілдіру;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық білім, тәрбие мен ғылыми зерттеулерді дамыту;

- технологиялық процестер мен өндірілетін өнімдердің халықаралық стандарттар жүйесін өндіру және дамыту.

Бұл бағыттар тізбесін кеңейте және толықтыра беруге болады, алайда қоғамдық қабылдауларда экологиялық өзгерістер енгізбей тұрып оң нәтиже күтуге болмайды.

Бүгінгі таңда едәуір зиян шегіп отырған қоршаған ортада лайықты өмірге деген құқықты және басқа да негізгі құқықтарды жүзеге асыру қиын, кей жағдайда тіпті мүмкін емес. Қоршаған ортаны қорғау – адамзаттың қазіргі келешектегі жақсы өмір сүруінің кепілі. Жоғарыда айтылғандай қоршаған қолайлы ортаға деген құқықтың адамзат дамуының қазіргі кезеңінде ерекше мәні бар екендігін көрсетеді. Оның жүзеге асырылуы қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени салаларын түгел қамтиды.

Қорытындылай келе, адамның өмірге деген құқығы ғана емес, адам өмір сүруінің денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауға деген құқығы да негізгі арнайы құқықтың бірі



болып танылуы тиіс. Азаматтардың экологиялық құқығын адам құқықтарының негізгі құқықтарының бірі ретінде бағалау қажеттігі пісіп – жетілді, онсыз басқа құқықтардың болуы да мүмкін емес. Бұл құқықтарды жүйе құрушы құқық деп атауға болады, олар басқа құқықтарды анықтауға себепші болып отырады.

#### Әдебиеттер:

1. Сапарғалиев Ж., Салимбаева Проблемы конституционной ответственности. - Алматы, 2001.
2. Круглый стол: Проблемы правовой ответственности государственных органов и служащих// Государство и право. №3, 2000.
3. Кондрашев А.А. Конституционно-правовая ответственность субъектов Федерации: вопросы теории и законодательного регулирования в Российской Федерации. - Красноярск, 1999ж.